

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді: > (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) жұмыстарын сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден < ҚҚС сомасын қоспағанда > _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін жұмысты орындау туралы Қағидаларға сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1. тармағында көрсетілген, заттық мәні бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысқа жатқызылған басқа да іс-әрекет.

1.4. Жұмысты орындау мына мекенжайларда жүргізіледі:

- Алматы қаласы, 3-Көктем ш/а., 21-үй;
- Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8-үй, 163-т.е.ү.;
- Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 98-үй;
- Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 67-үй;
- Алматы қаласы, Достық даңғылы, 136-үй (бұдан әрі – Объектілер).

1.5. Жұмыстардың құны мен қосымша ақпараты Шартқа 1,2,3,4-қосымшаларда (бұдан әрі – 1,2,3,4-қосымшалар) көрсетілген.

1.6. Жұмыстарды Жеткізуші Кеден Одағының 011/2011 «Лифтілердің қауіпсіздігі» техникалық регламентінде (бұдан әрі мәтін бойынша – КО ТР) көзделген нормалар мен қағидаларға, Жүккөтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖКМПӨҚҚҚ) көзделген нормалар мен қағидаларға сәйкес, өз күшімен және құралдарымен меншікті материалдары мен құрал-жабдықтарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық стандартында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған лифтілер, эскалаторлар, траволаторлар және көтергіштерді қолдана отырып орындайды. Жеткізу, монтаждау және пайдалану қағидалары. ҚР СТ 3305-2018 (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР СТ 3305-2018).

1.7. Жұмысты орындау кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) іске тартуға рұқсат етіледі. Қызметті көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілетін Жұмыстың шекті көлемі сатып алынатын Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екісінен аспауы тиіс.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы> кіреді. Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқада төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші мынадай тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Тапсырыс беруші тиісінше Жұмысты орындау фактісі бойынша құн есебі мен кестеге (1,2,3,4-қосымшалар) сәйкес, Жеткізушіден төлемге белгіленген тәртіппен ресімделген электронды шот-фактураларды және қос Тарап қол қойған, орындалған Жұмыстар актісін (бұдан әрі – Акт) алған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде Жеткізушінің есеп айырысу шотына тоқсан сайын ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан

Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимилді байланыс және/немесе басқа да тәсілмен алынған құжаттардың заңдық күші бар және Тапсырыс беруші оларды кейін мына 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Тапсырыс беруші қаласынан тыс жерде орналасқан жеткізушілер үшін) түпнұсқасына ауыстыра отырып, қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің орындаған Жұмыстарды < Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы > негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) Жұмыстарды орындау, орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер, қателер, <толықтыру > ____ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелдемелі бас тарту жібере отырып, ішінара немесе толықтай ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген қадамда Шартта қарастырылған жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 8) орындалған Жұмыстар бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, орындалған Жұмысты қабылдаудан Тапсырыс беруші жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұл туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Барлық келіспеушіліктер жойылған соң, Тараптар Актіге қол қояды.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушінің қарауына Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акт негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындау, орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде оларды өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданыс мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты

болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келсімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) қос Тарап Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұйым штатында тұрған лифтілерді жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге рұқсаты бар жұмыскерлердің тізімін және рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін, өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестат беруге.

11) №1,2,3,4 қосымшаларға сәйкес, Тапсырыс беруші лифтілерін техникалық тексеруді, қызмет көрсетуді, пайдалануға беруді уақтылы орындауға;

12) Тапсырыс беруші лифтілеріне Жұмысты орындау кестесіне сәйкес жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуді, техникалық куәландыруды және сынақтан өткізуді және өндіруші зауыт нұсқаулығы, кеңестік ұсыныстарына сәйкес ағымдық жөндеуді уақтылы орындауға;

13) лифтілерде техникалық бұзылыстар туындаған жағдайда, егер бұзылыстар оларды пайдалану ережесін бұзу салдарынан болған жағдайды қоспағанда, анықталған сәттен бастап 3 (үш) сағат ішінде өз есебінен оларды қалпына келтіруге;

14) Тапсырыс берушіден оқиға болғаны туралы ақпаратты алғаннан кейін 30 (отыз) минут ішінде лифтінің ішінде қамалып қалған жолаушыларды шығарып алуға;

15) Лифтілерді қауіпсіз пайдалану қағидалары бұзылған кезде немесе адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда уәкілетті органдардың (ҚР ТЖ) нұсқамасы бойынша өз бетінше пайдалануды тоқтата тұруға; Жеткізуші Қауіпсіз пайдалану қағидасы бұзылуы салдарынан лифтілердің тоқтатыны туралы Тапсырыс берушіні дереу хабарландыруы тиіс. Осы себеппен тоқтатылған лифтілерді Жеткізуші оларды қауіпсіз пайдалану қағидасындағы барлық бұзылушылықтар қалпына келтірілгеннен кейін ғана іске қоса алады;

16) Жұмысты орындау кезінде КО ТР, ЖКМПӨҚҚҚ, ҚР СТ 3305-2018 Қазақстан Республикасында қолданыстағы өндірістік қауіпсіздік саласындағы нормативтік техникалық құжаттар талаптарын басшылыққа алуға, қызметкерлер жұмысын жүргізудің бекітілген нормативтік құқықтық актілері және нормативтік техникалық құжаттарының болуына;

17) өзінің техникалық қызметкерлерін лифтілердегі Жұмысты қауіпсіз орындау тәсілдері туралы оқудан өткізуге және оларды дұрыс орындауларын қадағалауға, лифтілерді пайдалануға қатысты өз қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғау шараларын қамтамасыз етуге;

18) Жұмыстарды орындау үшін өндірістік-техникалық базасы, автокөлігі, арнайы техникасының болуына;

19) Жұмыс кестесі мен Тізбесіне сәйкес, лифтілерде кезекші лифтішімен күн сайын ауысымдық тексеріс пен электрмеханиктері арқылы кезеңдік тексеріс өткізуге (1,4-қосымшалар), кезекші лифтішінің Көктем-3 ш/а, 21-үй мекенжайындағы объектіде болуы - тәулік бойы; кезекші лифтішінің Сәтбаев көшесі, 30/8-үй, 163-т.е.ү, Панфилов көшесі, 98-үй, Әйтеке би көшесі, 67-үй; Достық даңғылы, 136-үй мекенжайларындағы объектілерде болуы - сағат 8:00-ден бастап 19:00-ге дейін (жұмыс күндері);

20) лифтіде апат орын алған жағдайда, оны қалпына келтіру үшін кешіктірмей барлық қажетті шараларды қабылдауға;

21) қосалқы бөлшектерді және күрделі сипаттағы құрал-жабдықтарды сатып алуды қоспағанда, істен шыққан лифт құрал-жабдықтары бөлшектерін, атап айтқанда: бас тартқыш электрқозғалтқышы, жүкшығыр редукторы немесе редуктордың бұрамдық жұбы, есікті тартқыш редуктор, тежегіш құрылғы, лифтіні басқару бекеті, жиілік туындатқыш, кабина купесі, жылдамдықты шектегіш, шахта мен кабина есігінің жармасы, ауырлық пен кабинаның серіппелі және теңгергіш ілініспесі, бойлық арқан тегершігі, бойлық арқан, бұйыру және шақыру аппараттарын ауыстыру немесе жөндеуді жүзеге асыруға;

22) Тапсырыс берушіге КО ТР, ЖКМПӨҚҚҚ, ҚР СТ 3305-2018 сәйкес, сапалық және физикалық ескірген лифтілерді немесе оларды одан әрі пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жеке тораптары мен деталдарын күрделі жөндеу, заманауиландыру немесе ауыстыру қажеттілігі туралы жарты жылда бір рет ақпарат беруге міндеттенеді;

23) біліктілік құжаттарының (сертификаттар, жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге рұқсат беру жөніндегі Куәліктер және т.б.) қолданылу мерзімі өткен жағдайда оларды өз қаражаты есебінен алдын ала жаңартып, оларды жаңартқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті;

24) Жеткізуші Шартта көзделген Жұмыстарды орындағаннан кейін бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлайды және орындалған Жұмыстар толық жазылған Актіні қол қою үшін жібереді. Тапсырыс берушінің Жеткізушімен арасында көрсетілген Жұмыстар бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тарап Актіге қол қояды.

3.4. Жеткізуші:

1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге Жұмыстың жалпы көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - 2023 жылғы 1 сәуір мен 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезең.

4.2. Жұмыстар Жеткізушімен келесі мекенжайы бойынша орындалады: - Алматы қаласы, «Көктем-3» ш/а, 21-үй;

- Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8, 163-т.е.ү. ;

- Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 98-үй;

- Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 67-үй;

- Алматы қаласы, Достық даңғылы, 136-үй (бұдан әрі - Объектілер).

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Кепілдік мерзімі кезеңінде орындалған жұмыстарда ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші анықталған ақаулар туралы Жеткізушіні олар анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабардар етеді, ал өнім беруші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған жұмыстарға кепілдік мерзімі шарттың қолданылу мерзімі ішінде қолданылады.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жою мүмкін болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса - кемінде 1% (бір пайызы), Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса - кемінде 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы)) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда - ақаулар жойылған күнді қоса алғанда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда:

- орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда, Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді

6.4. Шарттың 7-бөлімін Тараптардың бірі бұзған жағдайда конфиденциалды ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5 % (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсыну фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1 % (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпарат ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), соның ішінде кепілдік мерзімі ішінде төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнді құрайды.

6.10. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

-

-

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс берушінің Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын

бұзу анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<тапсырыс берушінің толық атауы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ < қол қоюшының аты-жөні >
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее(-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

< (В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование: > (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

